



111500, Рудный қаласы, 50 жылдық к-сі 76  
тел. 8(71431) 9-12-83, факс 9-24-33  
e-mail lyceum-school4@yandex.kz

111500, город Рудный, ул. 50 лет Октября, 76  
тел. 8(71431) 9-12-83, факс 9-24-33  
e-mail lyceum-school4@yandex.kz

2024 ж «30» қазан № 182

**Қостанай облысы әкімдігі  
білім басқармасының  
«Рудный қалалысының білім  
бөлімі» ММ жетекшісі  
Т.Б. Жайлибаевқа**

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Рудный қаласының білім бөлімінің №4 мектеп-лицейі» КММ  
2024 жылғы қазан айындағы  
мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі  
қызметінің есебі**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің № 4 мектеп-лицейі» КММ-нің 29.10.2024 жылғы № 2054 хатына жауап ретінде қазан айына Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері бойынша ақпарат береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес (Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы) Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының білім бөлімінің № 4 мектеп-лицейі» КММ мемлекеттік қызметтердің 7 түрі көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету 2024 жылғы 16 қыркүйектегі № 380 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық жауапты тұлғалармен: А.А. Бутыринамен, Е.В. Филипповамен, Г.В. Микрюковамен, А.А. Брилевскаямен, Д.А. Платоновпен, М.Т. Альбековамен мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша бір түсіндіру кездесуі өткізілді. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін сақтауға ерекше назар аударылды. Осы мақсатта «Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзуға жол бермеу туралы» 26.08.2024 жылғы № 292 бұйрығы шығарылды.

2024 жылдың қазан айында SAKURA ақпараттық жүйесі (№ 1 қосымша) арқылы 12 мемлекеттік қызмет көрсетілді. 2022 жылдың маусым айында мектеп директоры Кобалия Ирина Владимировна «Мемлекеттік қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан

өтті, сертификат № С20220006937. Хатшы лауазымына тағайындалуына байланысты Бутырина Анна Алексеевнаны 2025 жылы біліктілікті арттыру курстарында оқыту жоспарлануда.

Көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы толық және анық ақпарат беру үшін мектептің ресми <https://school4rdn.edu.kz/ru/gosudarstvennye-uslugi> сайтында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімі бар. Сонымен қатар, әлеуетті көрсетілетін қызметті алушылар білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты келесі сайттардан ала алады: <http://adilet.zan.kz>, [rudoo.edu-kost.kz](http://rudoo.edu-kost.kz), [rudny.kostanay.gov.kz](http://rudny.kostanay.gov.kz), сондай-ақ барлық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарында және білім беру бөлімінде мемлекеттік қызметтер туралы ақпараты бар ақпараттық стендтер жабдықталған.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардан шағымдар туралы ақпарат (қосымша) келіп түспейді.

**Директор**

**И. Кобалия**